



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӘОЖ 37. 034

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕН СПАНДИЯР КӨБЕЕВТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

Алимова Назгуль Едресовна
құқық магистрі, «құқық негіздері» пәні мұғалімі
E-mail: arsenahmetov395@mail.ru
Жанбыршина Асем Сапаровна
«биология» пәні мұғалімі
E-mail: Saparovna – 73@mail.ru
Турсынова Елена Каирбековна
логопед – мұғалімі
E-mail: aklyma22@mail.ru
Н.Наушабаев атындағы мектеп – гимназиясы
Тобыл қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада авторлар Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасына жүгіне отырып, Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің білім берудің заманауи бағытындағы ағартушылық идеяларының үндестігін зерделеген.
Түйінді сөздер: педагогика, мұра, идеялары, аударма, шығармашылығы.

Аннотация

В статье авторы обращаются к педагогическому наследию Ибрая Алтынсарина, изучили созвучие идей просвещения в современном направлении образования И.Алтынсарина и С.Кобеева.
Ключевые слова: педагогика, наследие, идеи, перевод, творчество.

Abstract

In the article, the authors turn to the pedagogical heritage of Ibray Altynsarin, He investigated the consonance of the ideas of Enlightenment in the modern educational direction of I. Altynsarin and S. Kobeev.
Key words: pedagogy, heritage, ideas, translation, creativity.

«Халқымыздың рухани өмір аспанында мәңгілік жарқырап тұрған үш жарық жұлдыз бар. Олардың жүзін уақытша бұлттар жасыра алмайды. Ол аспанда үшеуінің де пайда болып, ғажайып жарық түсірген уақыты, мезгілі бір – ХІХ ғасырдың екінші жартысы. Бәлкім үшеуі қатар жанғандықтан да, қараңғы аспан төсін енді қайтіп түнек бастырмайтындай ұлы күшке ие болып тұрған шығар. Бәлкім, бұрын мүлде қараңғы көктің маңдайына тарих – тағдыр үшеуін бөліп – жармай бір – ақ бере салғандықтан да, жарығы молырақ түскен шығар, бір – бірін тамаша толықтырып, жер тілімен айтқанда, дізе қосып, дүниедегі бірлікті, барлықты жырлап тұрғандығынан шығар. Шоқан, Ыбырай, Абай...», – деп ой толғаған екен ақын, жазушы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ғафу Қайырбеков ағамыз.

Иә, шынымен де сана ғасырлар, жылдар зырлап өтсе де бүгінгі таңға дейін, еш жаңылыспай жыл сайын «Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік Университеті» Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институты педагогика және психология кафедрасы Ұлы тұлға – Ыбырай Алтынсариннің еңбегін келер ұрпаққа мұра етіп қалдыру мақсатында, халықаралық ғылыми – практикалық конференция Алтынсарин оқуларын ұйымдастырып, конференция қорытындылары бойынша мақалалар жинағын жарыққа шығаруды дәстүрге айналдырған десек те болады.

Себебі, аталған конференцияға ұлы ұстаз, қазақтың жазба әдебиеті мен грамматикасының негізін қалаушылардың бірі, ақын, тарихшы, қазақ даласына ілім мен білімді алғаш алып келген данышпан әрі жерлесіміз Ы.Алтынсарин жайында болғандықтан болар, сонау 2011 жылдардан бері үзбей қатынасып келеміз.

Ы.Алтынсарин туралы Қазақстанның көптеген көрнекті қайраткерлері оның әдеби, социологиялық, педагогикалық, этикалық және этнографиялық көзқарастарына арналған бірқатар зерттеулер жүргізіп, монографиялық жұмыстар, ғылыми мақалалар жазды.

Атап айтсақ, бұл Т.Тәжібаев, М.Әуезов, А.Ситдықов, Б.Сүлейменов, А.Дербісалин, К.Бейсембиев, А.Эфиров, А.Уразбеков және т. б. жұмыстары.

Алтынсарин өзінің ағартушылық – педагогикалық қызметінде тұлғаның адамгершілік негіздерін тәрбиелеуге зор көңіл бөледі. Ол исламды қабылдамайды, исламды оқытуға қарсы емес, бірақ дін ғылым мен техникамен келісіп, жастардың адамгершілік тәрбиесіне ықпал етуі керек дегенді айтады.

Ы.Алтынсарин: «Мен олардың (шәкірттерінің) моральына әсер ету үшін бар күшімді саламын, сондықтан олар кейіннен пара алмауы керек. Маған күліңіз, мен кейде бос уақытта балаларға ресми түрде Мулла болып табыламын және рухани тарихтан білетінімді айтамын, осы және басқа да пайдалы, түсінікті әңгімелерді қосамын», – дейді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін қоғамның кең топтары ұлы ағартушының әдеби мұрасымен таныс емес еді. Бұл КСРО жылдарында ғана халықтың меншігіне айналды. Оның өлеңдер, ертегілер мен әңгімелер жинақтары, таңдалған шығармалар, жинақтар шығарыла бастады.

Ыбырай Алтынсарин – XIX ғасырдағы қазақтардың мәдени өміріндегі жарқын құбылыс. Ол туралы бүгінде, өкінішке орай, аз еске алынады. Поэтикалық сыйлыққа, мінсіз ақылға және риясыз жанға ие бола отырып, ол Қазақстанның педагогикалық ойының тарихында мәңгі қалады. Алтынсарин адамның өмірі, оның мінсіз іс – әрекеті өзінің жоғары ойларымен бірнеше ұрпақты жарықтандырады. Ол өзін педагог, этнограф ғалым, ақын, жазушы, қоғам қайраткері және ағартушы ретінде көрсеткен жан – жақты тұлға болды. [1, б. 125]

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасына үндеу бүгінгі күні бұрынғыдан да өзекті. Қазіргі уақытта тәрбиенің тарихи негізіне жүгіну қажет, өйткені тарихи педагогикалық мұраны түсінбестен өскелең ұрпақты адами идеалдармен таныстыру мүмкін емес деп ойлаймын.

Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылық жолы, оның өмірбаянының жекелеген беттері, оның философиялық және педагогикалық көзқарастарының жекелеген аспектілері ерекше қызығушылық тудырады және қазіргі тұлғаның рухани – адамгершілік дамуына ықпал етеді.

Ыбырай Алтынсариннің тағдыры – өзінен кейін өмір сүрген барлық адамдар үшін адамгершілік үлгі болуы қажет. Бұл өз халқына қызмет етудің мысалы деп түсінемін. Оның педагогикалық идеяларын мұғалімдік саладағы ең жақсы мұғалімдері қолданады, оның өлеңдері мен прозасын халық жақсы көреді.

Ыбырай Алтынсарин жан – жақты білімді адам болған. Ыбырай Алтынсарин әрі ғалым – этнограф, ақын ретінде де кеңінен танымал болған. Ол Орынбордағы орыс географиялық қоғамының толық мүшесі болды. Осы қоғамның тапсырмасы бойынша ол қазақ этнографиясы бойынша баяндамалар мен мақалалар дайындап, жариялады. Ол қазақ халқының прогресс пен білімге деген ұмтылысының қаншалықты маңызды екенін түсіне білді.

60–жылдары Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары түпкілікті қалыптасты. Сол хатта ол өзінің тәлімгері, аға жолдасы және досы Н.И.Ильминскийден ішінара алған оқыту әдістемесі туралы өзінің көзқарасын баяндайды: «...Мен сізден оқыту әдісін алдым, мен оларға алдымен заттардың аттарын беремін, тек зат есімге қатысты сөздер. Содан кейін заттардың сапа атаулары – сын есім, содан кейін заттардың атауларын олардың қасиеттерімен, содан кейін етістіктермен, содан кейін сөздердің септігі, жіктелуін беремін...» дейді.

1879 жылы Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тағайындалды. Ағарту саласында неғұрлым кең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие бола отырып, ол ауылдарға барады, қазақтарға зайырлы білім берудің маңызы мен мақсаттарын, пайдасын түсіндіреді. Елецк, Ырғыз, Торғай, Николаев (Қостанай) уездерінде, сондай – ақ Орынбор өлкесінің елді мекендерінде оқу орындарының жұмысын ұйымдастыру Ы.Алтынсаринге оңай болған жоқ.

Ы.Алтынсарин тек ағартушы – педагог қана емес, сонымен қатар талантты ұйымдастырушы болды. Ол оқу орындарын құру, оқытушылар құрамын таңдау, балалар мен мұғалімдердің тұрмыстық ұсақ – түйектеріне қамқорлық жасау, қаржылық есептілік, оқу орындарының материалдық базасын жинақтау бойынша титаникалық жұмыс жасайды. [2, б. 27]

Ы.Алтынсариннің педагогикалық қызметін бақылаған замандастары оның қазақтардың білім беру ісіне қосқан үлесін өмір бойы бағалай алды. Еңбегінің ішінде педагогикалық қызметтен басқа, олар оның жан – жақты әдеби шығармашылығын атап өтуге болады: ана тілінде оқулық құрастыру, халық поэзиясының алғашқы жинақтарын және алғашқы оқуға арналған алғашқы кітап шығармаларын құрастыруы да баға жетпес еңбек болып табылады. [3, б. 244–248]

Ы.Алтынсариннің идеялары бүгінде белгілі болғанындай, Егеменді Қазақстанның жаңа жағдайында дамып келе жатқан мектептеріне Алтынсарин идеяларын қолдану ерекше өзекті болып отыр. Осыдан бірнеше ғасыр бұрын ол мектептегі білім беру жүйесінде жаратылыстану ғылымдарына, орыс және қазақ тілдерін оқытуға басты орын берді. Дәл осы мәселе бүгінгі таңда өзекті болып табылады, өйткені біз екі тілділікті біздің еліміздегі өмір нормасы ретінде бекіту туралы бүгінгі күні де айтып отырмыз.

Данышпан Алтынсарин – «Үш киттің» бірі (Шоқан мен Абаймен бірге), оның иығында қазақтардың далалық ортақтығы сақталады. Мұсылмандық қараңғылық, феодалдық надандық және отаршылдық езгі әлемінде ол өз халқының ортағасырлық қараңғылықтан жарыққа шыға алатын ақыл – ойы мен энергиясын көре алды! Ол бүкіл саналы өмірін, сарқылмас күшін, өткір ақыл – ойы мен әкесінің өз халқына деген сүйіспеншілігін – халық ағарту ісіне арнады! Ыбырай Алтынсарин есімінің өлместігінің бастауы осында емес пе? Қазақ балаларына арналған жоғары талантты әңгімелер мен өлеңдер құра отырып, Алтынсарин қазақ әдебиеті тарихында жазушы – суретші ретінде Абаймен қатар лайықты орын алды. Оның шын жүректен, жазылған, балалардың жүрегі мен қызығушылығына жақын туындылары әлі ескірген жоқ. [4, б. 266]

Тәлім – тәрбие, оқыту ісінің нәтижесі шәкірттерден гөрі мұғалімдерге көбірек тәуелді. Әр азаматта кең дүниетаным болуы керек. Бұл негіздер сөзсіз мектеп қабырғасында қалануы қажет. Оқу мен тәрбие халқымыздың қазынасы – халық педагогикасы негізінде өз орнын терең таба алған.

Демек, халық педагогикасын жандандыру, ғасырлар бойы жинақталған бала тәрбиелеу тәжірибесін игеру – бүгінгі күннің талабы деп білемін. Халық өмірі – ұрпақтарға ұлағат, сабақ. Халық педагогикасына сүйене отырып, Ыбырай Алтынсарин болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда білімді жаңарту және «Педагогикалық жаңалықтарды қолдану» қажеттігін атап өтті. Ол білімді жаңартудың бір жолы: «Мұғалімдердің әдістемелік әдебиеттерді, педагогикалық журналдарды қолдануы» деп санады.

Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды. Ыбырай екі түрлі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды: біріншісі – жалпы халық ағарту ісі де, екіншісі – халықтың ой – санасын жаңалыққа бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері. Ы.Алтынсарин мектепте оқуды негізінде ана тілінде жүргізді, бірақ орыс тілінде оқу мазмұнының ең маңызды бөлімі болып саналады. Өз жүйесінде Алтынсарин орыс тілінде үйретудің «аударма әдісі» дегенді қолданды.

Бұл әдіс бойынша, шәкірт оқуда ана тілінде де, орыс тілінде де еркін ойлау міндеттерін шешіп отырады. Ол орыс тілі сабақтарында ана тілін жанама, қосалқы санауға қарсы болды, керісінше, ана тілінен жүргізілетін жазбаша және ауызша жұмыстарды жеке дербес оқу жұмысы деп қарады. 1879 жылы Ыбырай «Қазақ хрестоматиясын» жазып, бастырып шығарды. Алтынсарин өз хрестоматиясына орыс әдебиетінің таңдаулы туындыларын енгізу арқылы қазақ жастарын оның жақсы үлгілерімен таныстырды. Хрестоматияға енгізілген әр түрлі әңгімелердің Ушинский, Толстой тағы басқаның әдебиет оқу кітаптарынан белгілі. Алтынсарин жазушы Толстойдың өзімен халық поэзиясының сарқылмас байлығы ертегілер мен әңгімелердің, мақалдар мен мәтелдердің зор білімдік және тәрбиелік маңызын жоғары бағалаған. Оның ананың балаға деген махаббаты, табиғаттың түрлі құбылыстары, балалар өмірі жайлы өлеңдері – терең шыншылдықпен, тамаша көркемдік формасымен тұлғаланып көрінеді. Орысшадан аударғанда, қазақ оқырмандарына бейімдеді, жеке сөзін қуаламай, ойын беруге тырысты, өз халқының ұғымына сай етіп аударды.

Мысалы: Ушинскийдің «Наблюдательность» деген әңгімесін «Үнді» (Индеец) деп берді. «Ворона и рак» деген әңгімесі Алтынсаринде «Қарға мен құрт» («Ворона и червяк») болды. Осы әңгімелердің аттарындағы айырмасы олардың ішкі мазмұнымен байланысты. [5, б. 129]

Сонымен бірге қазақ жастарын оқытып тәрбиелеу мәселесін ең негізгі, басты мәселе деп есептеді. Халқы үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып, тәрбиелеуден, тәрбие ісінің құдіретінен артық ешнәрсе жоқ деп түйеді. Ыбырай адамның жан – жақты қалыптасуының негізгі көзі тәрбие екендігін ол И.И.Паульсоннан аударған «Бақша ағаштары» деген әңгімесінде өте жақсы көрсеткен. Психологиялық мәнге толы әңгімелердің жас өспірімдер үшін тәрбиелік мәні аса зор. «Ауруға аяушылық сезім» деген аудармасы адамның шыдамдылық, төзімділік сияқты тамаша ерік – жігер қасиеттері, олардың сыр – сипаты сөз болады. «Шеше мен бала», «Мейірімді бала» атты аудармалары да бала көңіліне қонымды әңгімелер. Сол сияқты бала тәрбиесі мазмұнындағы «Жеміс ағаштары», «Салақтық», «Үнді ертегісі», еңбек тақырыбындағы «Өрмекші, құмырысқа, қарлығаш», «Байлық неде» тақырыбындағы әңгімелері қалай болғанда да жастарға дұрыс тәрбие беру үшін олардың дүниетанушылық көзқарасын кеңейту үшін тек өз кезі ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор. Қазақ халқының талантты ұлы Ыбырай тек ақын әрі жазушы ғана болып қойған жоқ, ол ағартушылық – педагогтық жолға түсіп, халқына еңбек етіп, халық ағарту ісіне қаншалықты батыл кіріскен сайын, ол өзінің қолының соншалықты қысқалығын, правосының кемдігін, халқының өте артта қалғандығын айқын көре бастады. Қазақтың тұңғыш ағартушы педагогі қазақ балалар әдебиетінің атасы Алтынсариннің тәрбие саласындағы мұраларын жас ұрпаққа үлгі ету, тәрбие жұмысында пайдалану баршамыздың парызымыз. Ол: «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата – анасын, туған – туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады, себебі ата – анасын сыйламайтын бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды деп отбасылық тәрбиеге ерекше мән берген. Барлық ізгі қасиет ананы сүйуден, ана еңбегін бағалаудан бастау алады, сондықтан жас бүлдіршіндерге ана құдіретін ұғындыратын өлеңдерді көп оқып, көбірек жаттауды ұсынады. [6, б.45–46]

Қорыта айтқанда, Алтынсариннің өз халқын оқуға, өнерге үндеуге, надандыққа зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кезде әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның шығармашылығының халықтық жағы десек, қазақтың қазірдегі ер жеткен проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушы болды.

Ыбырай Алтынсарин «Мектептің жаны – мұғалім» дейді. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң да, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім. Ыбырай атамызды үлгі тұтқан, ұстаздық жолы жағынан да ұқсастығы және ағартушылық идеяларының үндестігі бар Спандияр Көбеевті алып қарастырсақ болады.

Ал, енді Спандияр Көбеевке тоқтала кетейік: Спандияр Көбеев – Абай, Ыбырай салған үлгідегі ағартушы – демократтық, педагог – жазушы.

1878 жылы 1 қазанда қазіргі Қостанай облысы Меңдіқара ауданында туған. Ол 1887 жылы Ыбырай Алтынсариннің өзінің көмегімен ұлы ұстаз ашқан мектепке түсіп, оны 1892 жылы бітіреді.

Мектеп ашылардың аз алдында, 1887 жылы, Спандиярдың үйіне бір кісі келіп, Көбейге балаңмен байдың ауылына барып, бағынды сынап көр деп кеңес береді. Көбей солай істеп, баласын мектептің ашылуына алып барады, ол жерде баланың аты – жөні мен жасын жазып алып, бірінші сабаққа 10 желтоқсанда келуді тапсырады. Көбеев өз естелігінде әкесімен далаға шыққанда Сауытбай баймен кездесіп қалғандарын, әкесі мен бай арасында болған жағымсыз әңгіме туралы айтады. Айтылған күні мектепке келген Көбей мен Спандиярдың алдынан Салмұғамбет болыс шығады. Айта кету керек, ол да Тілеміс байдың ұрпақтарына жататын. Ол Көбейге оның баласының орнына байдың баласы алынғанын, және де мектептің кедейдің балаларына арналмағандығын айтады. Абырой болғанда, осы сәтте бұлардың жандарына Ыбырай Алтынсарин келе қалып, кедейлердің сөзін сөйлейді: «Дұрыс емес. Бұл жалғыз байлардың балалары оқысын деп ашылған мектеп емес, жалпы қазақ балаларына ортақ мектеп. Шынында, мектепке ең алдымен нашарлардың балалары алынуы керек», – дейді. Ешқандай бай да, болыс та Ыбырайға қарсы сөз айта алмайтын. Спандияр Көбеевтің мектептегі алғашқы күні осылай басталады. [7, б. 25–27]

Спандияр Көбеев мектепті 1892 жылы аяқтайды. Ол өзінің мемуарында бай балаларының іс – әрекеттері туралы егжей – тегжейлі жазады. Тіпті бір күні ол солардың бірімен төбелесіп те қалады. Спандияр Көбеев 1889 жылғы жазда Ыбырай Алтынсарин қайтқаннан кейін болған жаназасы есінде екенін жазады. Сол кезде оның мектебіндегі мұғалімдердің бірі Қарағайлыда төртжылдық мектеп салуды ұсынады. Бұл бастаманы халық қолдайды. Осылайша, 1892 жылы екіжылдық мектепті бітірген Спандияр төртжылдық мектепке оқуға барады. Қарағайлыдағы мектептің екіжылдық мектептен ерекшелігі, бұл мектепте қазақ балалары орыс балаларымен бірге оқиды екен. Бұдан соң Қарағайлыкөл деген жердегі төрт жылдық мектепте, Қостанай қаласындағы екі сыныптық орыс – қазақ мектебінде оқиды. Ұстазы Ы.Алтынсариннің қазасынан кейін оның қызмет жолын жалғастыруды арман етіп, Қостанайдағы екі жылдық курсқа түсіп, бастауыш класс мұғалімі болып шығады. С.Көбеев балаларды Ыбырай әдісімен оқытады, ғылым негіздерін үйретеді. Осы орыс тілінен қазақ тіліне аударудың алғашқы дәстүрі де Алтынсариннен басталады. Мұғалімдік қызметінің алғашқы жылдарында И.А.Крыловтың мысалдарын аударып, өз сабақтарында пайдаланады. Ақыры көбейіп, өңделген шығармалары 1910 жылы Уфа қаласында «Үлгілі тәржімә» деген атпен басылып шығады.

Ұстазы Ы.Алтынсариннің ізімен балаларға арналған оқу құралын жазуды қолға алған С.Көбеев 1912 жылы Қазан қаласында «Үлгілі бала» кітабын бастырады. Бастауыш сынып балаларына арналған бұл оқулықта ол өзінің төл шығармаларын, орыс классиктерінің балаларға арналған әдебиет үлгілерін, қазақтың ауыз әдебиеті түрлерін, орыс мысалшыларының еңбектерін кіргізді. Надандыққа, ескішіл, сорақы салтпен күресу мақсатында ағартушыға көмекші құралдардың бірі – көркем әдебиет деп берік шешімге келген С.Көбеев «Қалың мал» романын жазады. 1931 жылы С.Көбеев Ақсуат бастауыш мектебін жеті жылдық, ал 1944 жылы орта мектеп болып қайта құру туралы өтініш білдірді. 1939 жылы ол оқу – ағарту саласындағы ұзақ жылғы еңбегі үшін Ленин орденімен марапатталды. 1944 жылы «Қазақ КСР–на еңбегі сіңген мұғалім» атағы берілді. 1949 жылы екінші рет «Ленин» орденін кеудесіне тақты. 1951 жылы жарық көрген «Орындалған арман» өмірбаяндық кітабында Спандияр Көбеев өзінің тұрақты директоры болған осы мектептегі тәжірибесін сипаттаған.

Ыбырай Алтынсариннің Спандияр Көбеевке әсері соншалықты күшті болды, ол педагогикалық қызметте мұғалімінің идеяларын ұстанды. Спандияр Көбеевтің оқу – тәрбие жұмысының негізгі қағидаттары – мұғалім мен қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу – кәсіптік білім беру.

Спандияр Көбеевтің шығармашылық жұмысы Иван Крыловтың ертегілерін аударудан басталды. Бұл аудармалар басқа ақындардың аудармаларымен және «Отан» түпнұсқа өлеңімен бірге 1910 жылы қазанда шыққан жазушының алғашқы кітабын құрады. Екі жылдан кейін Көбеев К.Ушинскийдің «Туған сөз» хрестоматиясы қағидаты бойынша қазақ мектептерінде оқуға арналған «Үлгілі бала» хрестоматиясын шығарады. Кітапқа Л.Н.Толстой, К.Д.Ушинский, И.А.Крылов ертегілерінің балалар әңгімелерінің аудармалары, қазақ фольклорының үлгілері, табиғат құбылыстары мен жануарлар әлемі туралы әңгімелер және бірқатар өз шығармалары енген. [8, б.111–113]

1913 жылы жазушы «Қалым» романын жазды, онда ол патриархалдық өмірді, ауыл кедейлерінің езгісін, әйелдің құқықсыз жағдайын сынға алды. «20 ғасырдың басында Қазақстанда көркем проза пайда болды, оның басталуы С.Кубеевтің «Қалым» романы болды. Бұл Роман көркемдік формаға қатысты кемелдіктен алыс, бірақ ондағы идеялық – прогрессивті ұмтылыстарда сыни социализмнің элементтері бар», – деп жазды Мұхтар Әуезов.

С.Кубеевтің тағы екі романы аяқталмай қалды: «Бақытсыздардың бір күні» және «Қасықтың кегі».

С.Көбеев Қазақстандағы мектептердің құрылысына белсенді қатысып, өскелең ұрпақты тәрбиелеу және тәрбиелеу мәселелері бойынша көптеген мақалалар жазды. Спандияр Кубеев қазақ даласындағы қоғамдық ой мен прогрестің дамуына елеулі үлес қосқан 20 ғасырдың басындағы ағартушы – демократтар идеясына тиесілі болды.

Спандияр Көбеев те, Ыбырай Алтынсарин сияқты бар ғұмырын білім саласына, жас ұрпақты тәрбиелеуге арнады. Ол 1956 жылы 78 жасында қайтыс болды.

Біз педагогика саласының қызметкерлері, педагогтер Алтынсаринге алғашқы Халық мұғалімі, Қазақстандағы халық мектептерінің алғашқы ұйымдастырушысы және қазақ халқының ортасынан шыққан тұңғыш теориялық педагог ретіндегі ерекше қызметі үшін құрмет көрсетеміз және келер ұрпаққа оның еңбектерін насихаттау үшін аянбай еңбек етеміз!

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин И. Собр. Соч. В трех томах, Алма – Ата, 1978, т.2, с.125.
2. Сүлейменов Б.С. «Жизнь и деятельность Ибрагима Алтынсарина». Алматы, 1962 ж. 27 б.
3. Садуақасұлы Смағұл, үш томдық шығармалар жинағы. Т.3. Астана, Нұр – Астана, 2001, 244–248 б.
4. Талжанов С. «Тұңғыш ағартушы және аудармашы». Бастауыш мектеп, 1999 ж. №2, 266 б.
5. Әбжанов Х., Әлпейсов Ә. «Ы.Алтынсаринды жаңаша оқығанда», «Қазақстан мектебі» Алматы 1992 ж. 129 б.
6. Қазақ ұстазы журналы. Астана, 2014 ж. 45–46 б.
7. Біз Ыбырайды білеміз бе? Ұлы ұстаз жайлы 50 сұраққа 50 жауап – Қостанай, 2016. 25–27 б.
8. Мұқанов С. «Өмір мектебі». Алматы, 1964ж. 111–113 б.

ӨОЖ 37.034

Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Алтаева Фатима Жалаладиновна
оқытушы
Қуанышбаева Анар Қуанышбайқызы
тарих ғылымдарының магистрі, оқытушы
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі
Қызылорда қ, Қазақстан
E-mail: Fati-al@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада қазақ халқының көрнекті қайраткері Ы.Алтынсариннің қоғамдық – саяси көзқарастары талқыланды. Сонымен бірге тәрбие мен білім беруде қазір біз қолданып жүрген ұстанымдар мен қалыпқа түскен жүйенің бастауын Ыбырай Алтынсарин еңбектерінен табамыз. Оқушының жеке қабілеттерін айқындай отырып, дарынын шыңдау, жеке жұмыс жасау, өз бетінше ізденіске баулу әрекеттерінде тәрбиені басты орынға шығару жыл жылжыса да құнын жоймағанына көз жеткізіп отырмыз. Бұл қалыптасқан ұстанымдар Ыбырай Алтынсариннің ұстаздық жолында еткен жанкешті еңбегінің жарқын жемісі екендігімен осы мақала арқылы таныс боласыздар.

Түйінді сөздер: Ислам, Қазақ, халық, философия, дүниеге көзқарас, білім, өнеркәсіп, мұсылман.

Аннотация

В статье рассматривается общественно – политическая деятельность видного деятеля Ыбырай Алтынсарина. Истоки принципов и нормированной системы, которые мы используем в воспитании и обучении, мы можем найти в трудах Ыбырая Алтынсарина. Мы заботимся о том, чтобы, определяя индивидуальные способности ученика, ставить образование на главное место в усилиях по совершенствованию навыков, самостоятельной работе, самостоятельных исследованиях с годами не потеряло своего значения. Эти принципы – яркий плод самоотверженной педагогической деятельности Ибрая Алтынсарина.

Ключевые слова: Ислам, Казахи, народ, философия, мировоззрение, образование, промышленность, мусулман.

Abstract

The article deals with the socio – political activities of the prominent figure Ybyray Altynsarin. The origins of the principles and the standardized system that we use in education and training can be found in the works of Ybyray Altynsarin. We make sure that, by determining the individual abilities of the student, putting education at the forefront in efforts to improve skills, independent work, independent research does not lose its significance over the years. These principles are a vivid fruit of the selfless pedagogical activity of Ibray Altynsarin.

Key words: Islam, Kazakhs, people, philosophy, worldview education, musulman, өнеркәсіп.

Тарихты зерделесек, ХІХ ғасырдың екінші жартысында ағартушылық дәстүрді дамытушы, қазақ халқының көрнекті жазушысы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толғанын еткен жылы ғана тойлаған болатынбыз.

Ы.Алтынсариннің дүниетанымының қалыптасуына халық ауыз әдебиеті, прогрессивті орыс мәдениеті мен Еуропа ойшылдарының еңбектері өз әсерін тигізді. Ол орыстың революцияшыл демократтарының ағартушылық идеяларының ықпалымен өзінің бүкіл өмірін өз халқының арасында өнер – білім тарату, оны орыс мәдениетіне жақындату, орыс халқымен достықты нығайту жолына